

«Bala business» конкурсының Ережесі

Конкурс мақсаты:

Өмір сапасын дамытуға бағытталған оқушылардың әлеуметтік маңызды бизнес-жобаларын іздеу және әрі қарай дамыту.

Конкурс міндеттері:

- балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін, өздігінен жетілдіру мен өздігінен даму қажеттілігін дамыту;
- бастамалар мен инновациялық стартаптардың іске асыруына арналған алаңдар;
- бизнес белсенділік және бизнес жобалау дағдыларын дамыту.

Конкурс ұйымдастырушылары:

Конкурсты М.М. Катаев атындағы облыстық оқушылар сарайы өткізеді. Жоба қатысушылары: меншікті бизнес-жобаларын құрастырған 5-11 сынып оқушылары.

Қазылар алқасының құрамы

Конкурстың қазылар алқасының құрамын Павлодар облысы білім беру басқармасының М.М. Катаев атындағы оқушылар сарайы облыстық «Жас Ұлан» балалар мен жастар ұйымының штабымен бірлесіп қалыптастырады.

Ұйымдастыру комитеті

Конкурс ұйымдастырушылары ұйымдастырушы комитеттің құрамын қалыптастырады.

Конкурс кезеңдері:

1. Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі:

"Bala business" облыстық байқауының іріктеу кезеңін Павлодар облысының әр ауданы / қаласы жергілікті жерлерде өткізеді. Конкурсқа 5-11 сынып оқушылары қатыса алады. Қатысушы қызмет көрсету, өндіріс, сауда, қоғамдық тамақтану, ойын-сауық және бизнес және т. б. салалардағы өз бизнес-жобаларын көрсетуі қажет.

Сондай-ақ, олар бейне материалдарды Instagram әлеуметтік желісінде #bala-bussines-pvl2021-22 хэштегі бойынша жариялайды.

Жұмысқа қойылатын талаптар: жобаның балаларға сәйкестігі, бизнес жобаны ашудың толықтығы, жобаның қазіргі заманғы экономикалық және экологиялық қажеттілікке жарамдылығы, ұсынылған ақпараттың құрылымы мен жүйелілігі, тәуекелдерді есепке алуы және экономикалық тиімділігі және өзектілігі.

Өтетін уақыты: 2021-2022 жылдың қараша-қаңтар айы.

Аудандық/қалалық білім беру бөлімдері конкурстың іріктеуінен кейін ұйымдастырушыларға қатысушылардың №1 қосымшадағы кестеге сәйкес толтырылған тізімін жіберу керек.

2. Облыстық іріктеу кезеңі:

Облыстық іріктеуден өткен бала, жас бизнесмен мектебіне жолдама алады.

Өтетін уақыты: 2022 жылдың ақпан айы

Іріктеу қорытындысы бойынша жас бизнесмендердің командасы құрылады. Жалпы саны: 15-20 адам.

«Bala business holiday» жас бизнесмен мектебі

Құрылған команда үшін оқыту бағдарламасы ұйымдастырылады, мұнда қатысушылар бизнес-тренерлер, коучерлердің тренингтеріне қатыса алады, аймақтың алдыңғы қатардағы бизнесмендердің қолдауына ие болады. Меншікті Start-up-жобаларын іске асырған бизнес-тренерлер, студенттер тартылады.

Өтетін уақытты: 2022 жылдың наурыз-сәуір айлары

Start-up жобаларын қорғау және қорытынды фестиваль

Аталмыш кезең соңғы болып саналады, мұнда конкурстық кезеңнен өткен жобалардың тұсау кесері болады. Олар Start-up-жобасын әрі қарай дамыту үшін идея авторымен шарт жасасқан инвесторды (бизнесменді) ұсынады. Аталмыш кезеңге инвестиция іздеуге бизнесмендер шақырылады.

Өткізу уақыты: 2022 жылдың сәуір-мамыр айлары

Өткізу орны: оқушылар сарайының Старт-ап Академиясы. Конкурс ұйымдастырушылары барлық кезеңдердің өткізу мерзімін өзгертуге құқылы. Өткізетін мерзімді өзгерткен жағдайда Павлодар облысының барлық білім беру бөлімдері уақытылы хабардар болады.

Жобаның электронды мекенжайы: **bala.biznes@inbox.ru**

«Bala business» жобалар конкурсына қатысуға өтінім

№	Аудан/ қала, оқу орынының атауы	Қатысушының аты-жөні	Туған күні	Конкурстық жұмыс жайлы қысқаша анықтама	Жетекшісінің аты- жөні және контактылары
1					
2					

«Bala business» конкурсы туралы Ережеде көрсетілген конкурс шарттарымен танысқанымды және келісетінімді растаймын.

Конкурстық комиссия және қазылар алқасының Конкурс қатысушыларын, Конкурс Лауреаттарын және Конкурс жеңімпаздарын анықтауы ақырғы шешім болып саналатымен келісемін.